

## ӘУЕ КӨЛІГІН САҚТАНДЫРУ ТАРИФТЕРІ

Сақтандыру тарифінің мөлшерін өзгертуде (саралауда) негізге алынатын өлшемшарттар тізбесі, сондай-ақ осындай өзгерістердің мәндері

Өлшемшарт	Өзгерістер мәні
Әуе кемесінің жасалған жылы	0.70-тен 1.15-ке дейін
Әуе кемесінің пайдаланылу мақсаты	0.70-тен 1.25-ке дейін
Әуе кемесінің типі	0.80-нен 1.20-ға дейін
Әуе кемесінің шығарылған жері	0.80-нен 1.25-ке дейін
Қозғалыс географиясы, соның ішінде сапарларының ұзақтығы	0.80-нен 1.20-ға дейін
Әуе кемесінің техникалық сипаттамалары	0.80-нен 1.30-ға дейін
Экипаждың құрамы, біліктілігі, кәсіби тәжірибесі	0.70-тен 1.20-ға дейін
Зияндар бойынша статистика	0.70-тен 2.50-ге дейін

Тарифтер кестесі

Ең төменгі тариф	Негізгі тариф	Ең жоғарғы тариф
0,16%	1,58%	15,94%

Сақтандыру жағдайы әуе көлігінің келесі оқиғалар салдарынан жоғалу (жойылу) немесе бүліну тәуекелі болып табылады:

- (1) авиациялық апатқа ұшырау немесе оқыс оқиға немесе кез-келген дәрежеленген өзге оқиға;
- (2) сақтандырылған мүлікті қымқыру (айдап кету емес);
- (3) үшінші тұлғалардың сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде орын алған қасақана сипаттағы емес әрекеттері, яғни оларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға әкеліп соқтырмайтын әрекеттері;
- (4) "Айрықша ережелер" бөлімінде көрсетілгендерден басқа оқиғалар.

Сақтандыру әуе кемесінде ол ұшып, бұрылып келе жатқан және тұрақта тұрған (зәкірге қойылған) кезде орын алған сақтандыру жағдайларына, ал әуе кемесін рейс (ұшу) кезінде сақтандыру жағдайында әуе кемесі қозғалтқыштары ұшу аэродромында ұшу үшін іске қосылған сәттен бастап қону аэродромындағы тұрақта қозғалтқыштар сөндірілгенге дейін орын алған сақтандыру жағдайларына қолданылады.

Тарифтік мөлшерлемені есептеу үлгісі:

Сақтанушының өтініш-сауалнамадағы барлық сұрақтарға берген жауаптарына сәйкес кестеге андеррайтинг кестесіне сәйкес түзету коэффициенттері енгізіледі. Бұдан әрі негізгі тариф біртіндеп барлық коэффициенттерге көбейтіледі. Соңында осы әуе кемесі сақтандырылатын мөлшерлеме шығарылады.

өтеу нұсқасы	негізгі тариф, %	Әуе кемесінің жасалған жылы	Әуе кемесінің пайдаланылу мақсаты	Әуе кемесінің типі	Әуе кемесінің шығарылған жері	Қозғалыс географиясы, соның ішінде сапарларының	Әуе кемесінің техникалық сипаттамалары	Экипаждың құрамы, біліктілігі, кәсіби тәжірибесі	Зияндар бойынша статистика	қорытынды тариф
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Толық тәуекелдер топтамасы	1,58%	0,70	1,00	1,00	1,00	1,20	1,00	1,00	0,95	1,26%

Тарифтік мөлшерлеме 1,26% құрайды. Ол келесі жолмен алынды:  
Негізгі тариф  $1,58\% \cdot 0,70 \cdot 1,00 \cdot 1,00 \cdot 1,00 \cdot 1,20 \cdot 1,00 \cdot 1,00 \cdot 0,95 = 1,26\%$ .